

Өмірін ұстаздық жолына арнаған

Үстіміздегі жылы ұлы ағартушы, педагог Ыбырай Алтынсариннің туғанына 175 жыл толып отыр. Бұл мереке бүкіл ұстаздар қауымының мерекесі. Кешегі қиын заманда қазақ балаларына алғаш мектеп ашып, оқулықтар жазып, жаңа үлгідегі мектептерді ұйымдастырудағы Ы.Алтынсариннің сіңірген еңбегі орасан зор. 1864 жылы 8 қаңтарда Торғайда ашылған бірінші мектепке алғаш 14 бала қабылданса, қазіргі таңда мыңдаған бала осы қара шаңырақтан білім алуда. Оларға заманауи білім, саналы тәрбие беріп жатқан кәсіби - білікті ұстаздар, жоғары білімді жас мамандар ұлы ағартушының салып берген ағартушылық жолын абыроймен жалғастырып келеді.

Ыбырай Алтынсариннің шәкірттері ішінен оның шынайы ізбасарлары бола білген ағайындар Бірімжановтар, Ғ. Балғымбаев, Қ.Топтаев, Н. Иванов т.б. есімдерін ерекше құрметпен атаймыз. Осынау үлкен көштің легінде әр ұрпақ өкілдерінің ұстаздық еңбек жолдарын, олардың Ыбырай ата өсіетіне, оның ісіне адалдық танытқандығын көруге болады. Бүгінгі әңгіме осы қиындығы да қызығы мол ұстаздық кәсіпті өміріне серік еткен менің замандасым, математика пәні мұғалімі, ҚР Білім беру ісінің үздігі Кенжегүл Қапарқызы Кадирбаева туралы болмақ.

Біздер Торғайда бір мектепте оқып, бір көшеде тұрып өстік. Кенжегүл жасынан сабаққа алтыр, білімге құштар болды. Ұстаздарымыз Кенжегүлдің осы қасиеттерін ескеріп, оған мұғалімдік мамандықты таңдауға кеңес береді. Мектептен кейін ол бір жыл талымгер болып жұмыс жасап, келесі жылы жаңадан ашылған Арқалық педагогикалық институтына оқуға қабылданады. Студенттік шақта Кенжегүл үздік оқумен қатар қоғамдық жұмыстардың ұйымдастырушысы, жетекшісі болды. Оқуын ойдағыдай аяқтаған жас ұстаз өзінің оқынған мектебіне оралып, 20 жыл үздіксіз еңбек етті. Осы жылдар ішінде ол тынымсыз еңбегімен шәкірттер жүрегіне жол таба білген тәжірибелі, жоғары санаттағы білікті ұстаз атанды. Мектеп директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, партия ұйымының хатшысы қызметтерін де абыроймен атқара білді.

Бірде Арқалықтан студент кезіндегі ұстазы Ө. Ламашев Ыбы-



на алып, Алтынсарин музейіне Торғай жерінде ағартушылық қызмет атқарған адамдар жөнінде материалдар жинап тапсырады. Торғай орыс орта мектебінің 20-30 жылдардағы алғашқы директоры Н. Иванов жөнінде қарт ұстаздар Х. Анашин, Ж. Қарабалин, Х. Қосқолов, Е. Альмагамбетовтармен бірге ізденіс жұмысына қатысып деректі құжаттар жинауға атсалысады. Нәтижесінде мектепке Н. Иванов есімі берілді. Кенжегүл Қапарқызының кейінгі еңбек жолы Арқалық қаласында жалғасады. Алғашында №4 орта мектепте, кейін №9 мектепте математика пәнінен сабақ берді. Бұл ортада да ол тәжірибелі, ізденімпаз, білікті ұстаз екендігін дәлелдеді. Шәкірттері қалалық, облыстық олимпиадаларда жеңімпаз атанды. 2001 жылы математика пәні мұғалімдері арасында өткен қалалық сайысқа қатысып, жүлделі бірінші орынды иеленді. Кенжегүлдің алдынан тәлім алған шәкірттер бүгінде әр саланың мамандары ардақты ұстаздарын мереке күндері құттықтауды ұмытқан емес. Жанұясында жолдасы Қасымжан мен бірге Нұргүл, Ғалия, Сырыя атты балаларын тәрбиелеп өсірді. Олар да аналары секілді білімге құштар, бәрі де жоғары білімді, мамандық иелері. Бүгінде Кенжегүл немерелерінің сүйікті әжесі, отбасымен Астанада тұрады, зейнеткерлікке шықса да ұстаздық кәсібінен қол үзе қойған жоқ. ҚР Білім беру ісінің үздігі, ұстаздық жолдағы еңбегіне биыл 40 жыл толып отырған Кенжегүл Қапарқызының өмірі мен еліне жасаған қызметі жас ұрпаққа үлгі боларлықтай.

Е. АНАШИН

11. Алтынсарин атындағы